

Хаттама №3

Өткізілген күні: 21 қазан 2015 жыл

Қатысқан ата-аналар саны: 125

Әкімшілік: 10

Өндірістік оқыту шеберлері, оқытушылар: 36

Топ жетекшілері: 14

Күн тәртібі:

1. Алматы құрылыс–техникалық колледжінің директоры Ы.М.Нурмуханбетовтың 2015 жылдың алғашқы 9 ай мерзім ішінде жүргізілген колледж ұжымының жұмыстарының есебі.
2. III-ші бағам студенттерінің тапсырылатын мемлекеттік емтихандары, біліктілік саласындағы тест, диплом жобаларын қорғау және жұмысқа орналастыру.
3. Әртүрлі сұрақтар
4. «Нұр Отан» партиясына мүше болып қабылданған жастарға құжат тапсыру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша колледж директоры сөйледі.
2. Екінші сұрақ бойынша, колледж директоры Нурмуханбетов Ы.М. толық ақпарат берді.
3. Ата – аналардың сұрақтары, ұсыныстары.

Тұжырым:

Алматы құрылыс – техникалық колледжінің жалпы ата – аналар жиналысының қаулысы:

Алматы құрылыс – техникалық колледжінің жүргізілген жұмыстарына жақсы деп баға берді

Төраға: _____ Нурмуханбетов Ы.М.

Директордың ТІЖ орынбасары _____ Рахметулла А.М.

Хатшы: _____ Басшибаева А.Ж.

Алматы құрылыс – техникалық колледжінің директоры Ы. М. Нұрмуханбетовтың 2015 жылдың алғашқы 9 ай мерзім ішінде жүргізілген колледж ұжымының жұмыстарының есебі.



Ата – аналар жиналысының мақсаты - 2015 оқу жылындағы 9 ай мерзім ішінде жүргізілген тәрбие жұмыстарына, материалдық қаржылардың бөлінуі, жұмсалыуына есеп берілді. Келешекте әрбір тоқсандық есеп, яғни әр 3 ай сайын ата – аналар алдында жүргізілген барлық жұмыстарға есеп беріледі. Бұл жиын арнайы колледж сайтына жіберіліп отырады.

Жиынның басында колледж басшысы ата – аналардың әр салада (оқу, тәрбие т.б.) сұрақ қоюларына, ұсыныс айтуларына болатынын ескертті.

Колледж директоры 2015 оқу жылындағы 9 ай мерзім ішінде жүргізілген инженерлік - педагогикалық ұжымның жұмыстарына ақпарат берді. Студенттердің сандық (контингент) құрамына тоқталды. Бізге басқа колледжден ауысып келген, басқа колледжге ауысқан студенттер туралы жалпы қанша топ бар екендігі айтылып өтті. Осы кезеңде оқу бітірушілердің жұмысқа орналасуы, жоғары оқу орындарына тусуі және армия қатарына шақырылуын қосқанда 98% жеткен, бұл өте жоғарғы көрсеткіш.



Осы уақыт аралығында колледжде жүйелі түрде пән декадалары (яғни 10 күндігі), семинарлар, байқаулар, жарыстар өткізілді. Колледжіміздің студенті Мұхамедияров Нұрлыбек қалалық «WorldSkills» Қазақстан кәсіби шеберлік байқауының жеңімпазы болды. «Дәнекер ісі» бойынша Республикалық байқаудың жүлдегері болып, Сан Пауло, Бразилияда әлемдік чемпионатқа қатысты.

Қазіргі уақытта Нұрлыбек Атырау қаласындағы халықаралық оқу орталығында біліктілік, даярлық деңгейін көтеріп жатыр. Оқып болғаннан соң, халықаралық экспорт сертификат алады да, Министрліктің қарамағындағы ЖШС «Кәсіпқорда» жұмыс істейтін болады.

Біздің колледж студенттерінің барлық сайыстардағы жетістіктеріне тоқтала отырып, мақсатымыз –білікті де, білімді заман талабына сай кәсіби маман даярлау екендігіне тоқталды.

Алматы құрылыс техникалық колледжнің директоры колледждің материалдық-техникалық базасына айрықша тоқталды. Біздің колледжде 3 ресурстық оқыту орталығы бар.

Жақында «Дәнекерлеу ісі» бойынша «өңірлік ресурстық орталық» ашылмақ. Бұл орталықта жоғарғы білікті мамандар даярлаудың кепілі болып табылады.

Колледж директоры қазіргі уақытта колледжде 92 қызметкердің жұмыс жасайтыны туралы тоқтап өтті. Оның ішінде жоғары категориямен - 21, бірінші категориямен - 16, барлығы - 41 %-ды құрайды.

Колледж директоры мекеменің соңғы 9 айындағы қаржы айналымына айрықша тоқталды. Осы есеп беріп отырған мерзімде қандай жолдармен қаражат түсті және ол қаражат қайда жұмсалғаны туралы толық мағлұмат берді. Әрбір жұмсалған сомалар, алынған заттар, істелінген жұмыстар, төленген шәкіртақы, еңбекақы, әлеуметтік көмек көлемдері туралы жасалынған кесте слайд арқылы экраннан көрсетіліп, әр жолына толық талдау жасатылды.

Алматы құрылыс-техникалық колледжінің директоры Нурмуханбетов Ы.М. Шіші бағам студенттерінің ата-аналарына алдағы болатын емтихан, іс-тәжірибелік жұмысқа орналастыру, біліктілігі жөніндегі тапсырылатын тест, дипломдық жобаны қорғау және колледжді бітіргеннен кейін студенттерді жұмысқа орналастыру жайында толық ақпарат, бағыт бағдар берді.

Соңынан сөйлеген ата-аналар өз ризашылықтарын, алғыстарын білдіріп, өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, ол қойылған сұрақтарына жауап алды.

Жиын қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.



